

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияның кейбір шешімдеріне былғары аяқ киім өнеркәсібіне арналған беткі-белсенді заттардың жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 12 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позиция алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына кіші қосалқы позициялар енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертулер мынадай мазмұндағы 44С ескертүмен толықтырылсын:

"44С) Кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құнынан 0 (нөл) % көлемінде 01.03.2017 жылдан бастап қоса алғанда 28.02.2019 жылға дейін қолданылады."

2. № 4 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның шешіміне өзгерістер енгізілсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 31 қаңтардағы
№ 12 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің
Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын
КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қосымша өлшем бірлігі
3402 90 100 9	— — — өзгелері	—

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 31 қаңтардағы
№ 12 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің
Бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін
КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қосымша өлшем бірлігі
	— — — өзгелері:*	
3402 90 100 2	— — — — былғары аяқ киім өнеркәсібіне арналған ⁵⁾	—
3402 90 100 8	— — — — өзгелері	—

* ЕАЭО СЭҚ ТН 3402 90 100 1 кіші қосалқы позициядан кейінгі коды жоқ кіші қосалқы позиция.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 31 қаңтардағы
№ 12 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің
кедендік әкелу баждарының
СТАВКАЛАРЫ**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құнның пайызымен не евромен, не АҚШ долларымен)
3402 90 100 2	— — — — былғары аяқ киім өнеркәсібіне арналған ⁵⁾	8,2 ^{44C)}
3402 90 100 8	— — — — өзгелері	8,2

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 31 қаңтардағы
№ 12 шешіміне
№ 4 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Өтпелі кезең ішінде Армения Республикасы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 113 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі ставкаларынан бөлек кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын Тауарлар мен ставкалар тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 3402 90 100 9 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"3402 90 100 2	— — — былғары аяқ киім өнеркәсібін е арналған ⁵)	0	0	0	0	3	Б К Т ставкасы
3402 90 100 8	— — — — өзгелері	0	0	0	0	3	Б К Т ставкасы".

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының ставкалары қолданылатын жекелеген тауарлардың және осындай ставкалар мөлшерінің тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 3402 90 100 9 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"3402 90 100 2	— — — — былғары аяқ киім өнеркәсібіне арналған ⁵ н	12,3	10,9	9,5	8,2	6,8	5,5	4,1	2,7	1,4	0
3402 90 100 8	— — — — өзгелері	12,3	10,9	9,5	8,2	6,8	5,5	4,1	2,7	1,4	0".